

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Етістіктің райларын қайталау

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.08.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/15973/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Борашова Света Багтыбаевна**

**Сабақтың мақсаты:** а) білімділік- оқушылардың етістіктің рай категориясы туралы алған білімдерін бекіту, тұжырымдау. Теориялық білімдерін практикамен ұштастыру;

ә) дамытушылық- ойлау қабілеттерін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту; б) тәрбиелік- орындалатын жұмыстар арқылы отансүйгіштікке, адамгершілікке баулу. Пәнге қызығушылығын арттыру, бірін- бірі тыңдай білуге, бағалай білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** білімді тиянақтау

**Сабақтың әдісі:** сұрақ — жауап, тест сұрақтары, деңгейлік тапсырмалар, сатылай кешенді талдау.

**Көрнекілігі:** үлестірмелі қағаздар, сызба, тест сұрақтары

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

а) сәлемдесу ә) оқушыларды түгендеу б) тәртіп, тазалық

## 1. Үй тапсырмасын тексеру

Қалау райы туралы түсінік

## III. Жаңа сабақ

### «Ой қозғау» 1. Сұрақтар

1. Етістік дегеніміз не?
2. Етістіктің түрленуі дегеніміз не?
3. Ерістіктің райларын ата.
4. Жасалу жолын түсіндір. Мысал келтір.

### 2. Тест сұрақтары

Оқушыларға әр түрлі нұсқаға құрылған тест тапсырмаларын беремін. Оқушылар орындап болған соң бір-бірінің жұмыстарын тексереді.

### 3. Оқулықпен жұмыс

162- жаттығу. Ашық райлы етістіктің жасалу жолын көрсету.

**Үлгі:** болатын - бол — түбір, атын — есімше жұрнағы, көрінеді - көр — түбірі, ін — ырықсыз етіс жұрнағы, I жақ жіктік жалғауы, бұйрық рай. Бекінген — бекін — түбір, ген — есімше жұрнағы, пайдаланды - пайдалан — түбірі, -ды - III жақ жіктік жалғауы

163- жаттығу. 1-қатар ашық райлы етістікті жазу, 2- қатар бұйрық райлы етістікті, 3- қатар қалау райлы етістікті жазу.

164- жаттығу. Етістіктерді көшіріп жазу. Рай түрлерін табу. Сатылай кешенді талдау жасау.

## Көрсем

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр. Көр-сем

2. Тұлғасына қарай — туынды етістік

3. Құрамына қарай - дара етістік

4. Лексика- грамматикалық мағынасы

Сөзде 1 лексикалық мағына, 2 грамматикалық мағына бар.

4.1. Лексикалық мағынасы қимыл – қозғалысқа берілген атау.

4.2. се – шартты рай жұрнағы

4.3 м- I жақ жалғауы

5. Сұрауы- не істедім? Етістік қызметін атқарып тұр.

6. Мағынасына қарай- сабақты етістік, алдыңғы сөзі табыс септігін қажет етіп тұр.

7. Болымды етістік, себебі, іс – әрекеттің болу шартын білдіріп тұр.

8. Шартты райлы етістік, себебі, іс- әрекеттің болу шартын білдіріп тұр.

Деуші едім – көмекші етістік, себебі, үшінші саладағы етістік.

## 1. Сабақты бекіту.

Берілген етістіктерді ауызша сатылай кешенді талдау жүргізу.

1. **Бағалау.** Сабаққа белсене араласып отырған оқушыларды бағалау,

**VI. Үйге тапсырма.** Етістіктің райларын қайталау

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.